

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan  
L. N. Gumilyov Eurasian National University  
Faculty of philology  
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ  
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

**MATERIALS**

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT  
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

**«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»**  
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

бір сөзбен айтқанда, мәңгілік қозғалыс жатыр» [8. 30], – деген пікірі ақын өлеңдерінің өміршеңдігін танытпақ. Адам характерін жан-жануарлардың бейнесі арқылы бере білуі, мысал өлеңді өзіне тән көркемдік машықтан ауытқымастан жазып шығуы – ақын талантының негізгі нышан-белгілері.

Сапарғали Бегалиннің балаларға арналған өлеңдері – идеялық мазмұны, тақырыбы, көркемдігі жағынан қазақ балалар поэзиясы қорында өзіндік орны бар туындылар. Ойының тереңдігі мен қиялының ұшқырлығы өлеңге салған өрнектерден көрініс тапқан. Ақын лирикасының тақырып аясы кең, даралық ерекшелігі айқын.

Ақынның балаларға арналған өлеңдерін зерделегенде, көркемдік дәстүр жалғастығын танытатын, екі бастаудан нәр алғандығын аңғарамыз. Олар – халық ауыз әдебиеті мен қазақ поэзиясына жаңа бетбұрыс әкелген Абай дәстүрі. Туындыларында осы дәстүрлерді дамытып, жалғастыруымен қатар, өзіндік жаңашылдығын, ақындық даралық болмысын таныта білген.

С.Бегалиннің балаларға арналған өлеңдерін айшықтайтын ерекшелік ақынның тәрбиелік мақсатты халықтық ұлағат-тағылыммен ұштастыруы болып табылады. Бұл – ақынның шағын өлеңдерінен бастап көлемді поэмаларына дейін тән сипат.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Қапасова Б. Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60-90ж.ж.). Фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертациясы. – Астана, 2000. – 118 б.
- 2 Ақтанова А. Қазіргі қазақ балалар драматургиясы. Фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертациясының авторефераты. – Астана, 2003. – 25 б.
- 3 Бегалин С. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1966. – 431 б.
- 4 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
- 5 Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Жазушы, 1994. – 368 б.
- 6 Ергөбеков Қ. Мейірім шуағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 165 б.
- 7 Сарбалаев Б. Ақиқат алдында. – Алматы: Жазушы, 1986. – 216 б.
- 8 Әбдіғазиев Б. Ғ.Мұстафин мұраларының мәңгілік тұғыры. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. – 432 б.

ӘОЖ 82.091

## XX ҒАСЫРДЫҢ АЛПЫСЫНШЫ ЖЫЛДАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АБАЙ АРХЕТИПІ

*Демесинова Л.*

*Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының докторанты  
Астана қ., Қазақстан*

*\*Ғылыми жетекші: филол.ғ.д., профессор Оразбек М.*

*E-mail: [lepa\\_semey@mail.ru](mailto:lepa_semey@mail.ru)*

**Abstract.** Every nation has a phenomenon person who represents an entire nation. Through such persons, an opinion about the nation as a whole is formed. One of such famous personalities of the Kazakh people is Abai Kunanbayev. In the article, the author considers the image of Abai as a cultural archetype. Since many poets of that time considered the great poet their spiritual mentor.  
**Key words:** archetype, poetry, poet, collective unconscious

**Аннотация.** У каждого народа есть феномен личности, которые представляют целую нацию. Через таких лиц формируется мнение о нации в целом. Один из таких известных личностей казахского народа является Абай Кунанбаев. В статье автор рассматривает образ Абая как культурный архетип. Так как многие поэты того времени считали великого поэта своим духовным наставником.

**Ключевые слова:** архетип, поэзия, поэт, коллективное бессознательное.

Адам баласының ілгері дамуы қаншалықты тынымсыз дамып жатса, көркем шығармашылық үдерісі де тоқтаусыз дамып келе жатқан құбылыс. Қазақ тарихында ертеден қалыптасқан ақындық өнердің тамыры тереңде, ал оны классикалық деңгейге көтерген қазақтың бас ақыны Абай екені ақиқат. Қоғамдық сананың бір көрінісі ретінде көркем шығарма мен әдебиет қай кезеңде болса да сол дәуірдің тыныс-тіршілігінен хабардар етіп, сол қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы мен көзқарасын, ой-арманы мен дүниетанымын аңғартып отырады. Бір сөзбен айтқанда, поэзия – заман мен адамның көңіл-күйі, мұң-зары мен күйініш-сүйінішінің, қуанышы мен қайғысының көркем көрінісі.

XX ғасырдың 60-жылдарында қазақ әдебиеті тарихында өздерінің орнын алып, халықтың ыстық ықыласына бөленген, сол қоғамның өзекті мәселелерін жырларына арқау етіп, ұлт тағдыры мен өз заманының ащы шындығын жыр жолдары арқылы көркемдеп көрсете белгін ақындарымыздың шығармашылығына Абайдың да өз ықпалы болғаны белгілі. Осы кезеңде қазақ әдебиетіне жаңа леп, жаңа екпін әкелген Ғафу Қайырбеков, Ізтай Мәмбетов, Хамит Ерғалиев, Төлеген Айбергенов, Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Мұзафар Әлімбаев, Мұқағали Мақатаев, Сағынғали Сейітов, Марфуға Айтхожина, Фариза Оңғарсынова, Мұхтар Шақанов, Сәкен Иманасов, Қанипа Бұғыбаева, Ақұштап Бақтыгереева, Күләш Ахметова сияқты дарынды ақындарымыздың қаламынан тамаша туындылар шықты.

«Ақын да – қоғам қайраткері. Белгілі бір қоғамда өмір сүріп, оның белсенді бір мүшесі болып отырған соң ақын сол өзі өмір сүріп отырған ортаға алдымен қызмет етуге міндетті. Сол қоғамның биік парасаты мен сол қоғамға рух беруші, қозғаушы күш болып отырған жарқын идеяны жан сала қорғауға міндетті» [1. 199] – деп ақиық ақын М.Мақатаев айтқандай, әрбір ақын заман перзенті, сондықтан да ұлы ақындар ұлт пен халықтың басындағы мұң-зардың ел басына ауыр күн туғандағы қысылтаяң сәтті өзінің мәселесі, азаматтық борышы ретінде түсініп, езілген халқының жан жарасын өз дерті деп түсінеді. Сондықтан да қазақ Абайдай тұлғаны архетип дәрежесіне көтеріп, әлі күнге дейін ұлы ақынға жүгінеді.

Ақындықтың мұратын биік мақсат, асыл арман, қоғам мен адам, уақыт алдындағы парыз құрайды. Халықтың қамы үшін жаны ауырмайтындардан ақын шығуы мүмкін емес. Үлкен жүрегі бар адамнан ғана ұлы өнер туатындығын тарих тағылымы көрсетіп отыр. Бұған Абай өмірі мен өнері куә.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп екі ұртың [2. 49] – деп халқы үшін қабырғасы қайысқан ақынның ғана ұлы поэзия үлгісін жасауға құдіреті жететіндігі анық. Халқы мен жалпы адамзатқа деген қалтқысыз адам махаббаты мен сүйіспеншілігі бар тұлғаның жанынан ғана шынайы, өміршең туындылар шығады.

Абайдың өзіне дейінгі ақындардан ерекшелігін айқындауда Ш.Ибраевтың «Абай шығармашылығы күнкөріс қамын іздеуден, жоғары лауазым мен мәртебеге ие болудан, асқан білімпаздығы мен талантын дәлелдеуден және өз ортасынан даңқ, бедел жинау, басқаларға өзін мойындату ниетінен мүлдем алыс» [3. 35] деген пікірінен көптеген сарай ақындарына тән ерекшелікті байқамаймыз, Абай тіпті ақын болуды өзіне мақсат етпеген де, бұл туралы М.Әуезов: «Абай осы кезге дейін (1877-1878) өзінің ақын екенін білсін-білмесін, бірақ өз басына «ақындық жол екен», «еңбек қылатын кең өріс екен» деп білмеген» [4. 49].

«Қай уақытта да көркем ой мейлінше жаңа қиырларға ұмтылады, беймәлім болып келген рухани, эстетикалық жауһарлардың сырын ашуға талпынады. Өнер әлеміндегі дәстүр жалғастығы өткен кезеңнен немесе белгілі бір жұрттың жинақтаған тәжірибесін үйренумен шектелмейді. Дәстүр желілері әр дәуірде өмір сүрген, бір-біріне мүлде ұқсамайтын бағыттағы өнер шеберлерінің арасын да жалғастырып жатады. Сондықтан да олар уақыт пен кеңістік шеңберінде аса кең ауқымда көрінеді.

Қазақ әдебиетінде Абай дәстүрі дегенде біз осындай кең ауқымды, алып тынысты құбылысты еске аламыз» [5. 128] – деген Балтабай Әбдіғазидің ойы осы алпысыншы

жылдары жарқылдап шыққан ақындар шығармашылығына қатысты айтылса да болады. Себебі аталмыш жылдар әдебиет өкілдері нақты Абайға арнап жыр жазбаса да, өз шығармаларында әрдайым Абаймен сырласып отырғанын аңғаруға болады. Бұл бір жағынан қазақтың ұжымдық бейсанасындағы архетип идея мен түсініктердің салдары екені де белгілі. Яғни Абайдан кейінгі ақындар да ұлы ақын сияқты бейсаналы түрде қазақтың жан жарасы мен күйінішін жырлауда Абайша түсінуге, қабылдауға тырысады.

Абай сан ғасырлық тарих сынынан өтіп, екшеленіп, халық таразысынан сүрінбей өтіп, ғасырлармен бірге көшіп, дәуірден дәуірге ұрпақ жалғастығымен қазіргі заманға жетуі ақын жырларының тақырыбының өзектілігін жоймауынан, ақынның архетип қабаттарға бойлап, тереңден ой түйінен болып отыр.

М.Айтхожина:

...Толғандыра, толқытқан ғасырларды,

Тәңір тұттым,

Абайдай асылдарды!

Қара өлеңін қалдырып қазағына,

Алған екен, не биік асуларды!...[6. 57] – деп ақындық жолында Абайды рухани ұстаз тұтып, жыр әлеміне келген ақындар жетерлік. Барлығы да Абайдың өлең өрімін өздеріне алып, Абай көтерген адамзаттық мәселелерді өз жырларына арқау етіп келеді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы ақындар алдында да Абай мектебі болды. Кеңестік ақындарымыз бейсаналы түрде Абайды архетип тұлға ретінде алып, әрдайым Абайға оралып отырды. Еліктеу дегенде Абайды көшіру емес, бас ақынды қайталау емес, заман талабына сай Абай ойын, Абай идеясын жалғастырушылар болды. Себебі әр ақынның өз дүниетанымы мен өзіндік сөз саптауы бар.

М.Айтхожина ұлы ақын жырларымен қанаттанып отыратындығын аңғаруға болады:

Түсіме де ендіңіз аян беріп,

Содан ба,

Жырға қанат жаям берік.

Өлеңнің ұлы көшін өзің бастап,

Ұлы Абай!

Біз келеміз, саянда еріп... [6. 73] – деп келетін арнау өлеңінен Абайды пір тұтатындығын көреміз.

Ақын тұлғасы қаншалықты ірі болса, айналасындағылар мен ізбасарларына ықпалы да зор болатыны белгілі. Міне, Абайды нағыз архетип тұлға ретінде қарастырумыздың себебі, ақынның шығармашылық дәстүрін жалғастырушы ақындардың саны ұшан теңіз.

Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...» деп басталатын өлеңінде:

...Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына із қалдырған... [7. 161] – деген өлең жолдарынан Абайдың «адам өлмес» сөзінің мағынасы өзі өлсе де, артынан ұлы іс қалдырған, артынан ұлағатты ойлары қалған адамды өлді деуге келе ме деген ойы Абайдың өзіне дейінгі сөз зергелерінің ойымен сабақтасып жатыр:

...Өлмегенде не өлмейді?

Жақсының аты өлмейді,

Әкімнің хаты өлмейді... [8] – деген Бұқар жыраудың өсиет сөзімен сабақтас, ал Марфуға ақын бұл туралы:

«Көбі кетіп өмірдің, азы қалды...»

Болмайды екен, адамның жазы мәңгі.

Жиып–терген оыснау тіршілікте,

Халқыма арнадым, жыр – қазынамды! [6. 104] – деп жырлайды. Абайдың ойын ақын өзінше түсініп, өз дүниетанымымен өмірлік цикл архетип негізінде жырлайды. М.Айтхожина бір арнауында Абайды поэзияның Пайғамарына да теңейді:

Табынтқан, ей, тәкаппар, Пайғамбарым,

Қанатын кең аспанға жайған дарын!

Тербетіп ойлы жырмен жүректерді,  
Қарашы, жалғасуда,  
Таңдарға әнің! [6. 71]

Абай жырларының күдіретін ерекше күшпен салыстыру арқылы Абайдың мәртебесін асырып тұрғанын аңғаруға болады. Абай ақын үшін жай адам емес, Алланың ерекше мейірімі түскен, фәни дүниеден биік тұратын архетип тұлға, орта ғасырларда «жарық» деп таныған архетип тұлға ретінде сипаттайды. Ал, ақынның «Құнанбай әулеттері» циклды топтамасында Абай тұлғасын әр қырынан сипаттап жырлайды. Ақында тек көркем сөзбен бос әспеттеуден гөрі, Абай ойының тереңдігін көрсетуге тырысады:

...Тағдырға жалбарынып жыламаймын,  
Биік бар өзім шыққан,  
Құламаймын!  
Қолдамаса, қолдамас –  
Бұл ағайын,  
Қолдасын аруағы,

Ұлы Абайдың! [6. 66] – деп қорытады. Өзінің жауһар жырларымен қазақ оқырманының талғамын жаңа биікке көтеріп, жаңа қазақ классикалық өлеңін ұсынып кеткен Абайдың тұлғасы әлі талай ұрпаққа рухани азық болатыны ақиқат.

«Хат біліп, қара танитын адам Абайды оқымай, Абайды танып-білмей, Абайды бойына сіңірмей өз халқының рухани бет-ажарын танып-білуі мүмкін емес» [9. 18] деген Т.Медетбектің пікірі негізінде алпысыншы жылдар ақыны қанша цензура мен кеңестік кедергілерге қарамастан өздерінің рухани ұстазы санаған Абайға жүгінбей кетпеді. Мәселен, Ж.Жақыпбаев «Абайға» арнауында:

Сіздің туған күндерді тойлаудамыз,  
Тойлаудамыз, ән-күйге бойлаудамыз.  
«Ондай болмақ қайда» деп ойлаймыз біз,

«Ондай қалай болсам» деп ойлаудамыз [10. 103] – деп әрдайым Абай шыңына ұмтылатынын жырға қосады, ұлы ақынның әр қадамын зерттеп, зерделеп жатқанымен, әлі күнге Абайды толық танып біле алмай жатқандығын мойындайды. Абай рухынан қуат алып, шабыттанады.

Дегенмен Абай сенген жаңа ұрпақтың қын өсиет еткен білім мен ғылымға ұмтылыс танытып, қазақ азаматтарының талай жетістікке жетіп жатқанын да жырға қосып, Абай ақынның еңбегінің бос кетпегенін, қазірде білімге ұмтылатын жастардың көптігімен мақтанғандай:

Көніп кеп ыстықтар мен суықтарға,  
Бір дана шапағатты туып таңда,  
Сіздің қалың еліңіз – қазағыңыз  
Жұлдыздарға жетуге жуықтауда [10. 103]

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарындағы ақындай кейде еліктеп, кейде бейсаналы түрде Абай шығармашылығына терең бойлап, тек форма жағынан ғана емес, мазмұндық жағынан да Абайша жырлауға тырысты.

Ғалым С.Қасқабасов: «Абай үшін әдебиет – идеология емес, ресми саясаттан аулақ тұрған өнер. Ұлы ақын әдебиеттің басты міндеті адамды дәріптеу, адамды эстетикалық сезімге бөлеу, сөйтіп оны жан-жақты дамытып, олық адам дәрежесіне жеткізу деп санаған. Сондықтан да ол өз шығармашылығында туған халқының рухани байлығын молынан пайдаланған және онымен шектелмей, бүкіл адамзаттың игілікті мұрасын да арқау еткен. Соның арқасында Абайдың поэзиясы мен қара сөздері жалпы адамзаттық мәнге ие» [11. 345]. Өлең әлеміне ерекше құрметпен қарап, өлеңнің «іші-сырты теп-тегіс» болу үшін өзі де, өзінің төл шәкірттеріне де жоғары талап қойып, терең ойлы, гуманизм мен сүйіспеншілікке толы жырлар жазуды мақсат еткен Абай өз жырларында әрдайым оқырман санасына түйіп отырады. Сондықтан да кейінгі ақындар да осы ерекшелікті ескере отырып, Абайша

классикалық туынды жазуға тырысты, Абайға қарап бой түзеді. Ж.Молдағалиев өзінің «Абай шыңына» деген өлеңінде міне осы мәселелерді көтереді:

Жоқ, түспе, тағыңда қал. Абай ата!  
Даламыз болмапты онша Абайға бай.  
Шыға алсақ, шың жетеді, тас жетеді,  
Жүрмесек жығылып қап абайламай...

Осы ретте, орыс халқы үшін поэзияның шыңына жеткен, архетип тұлға бола білген А.С.Пушкин шығармашылығын атап өтпеске болмайды. Орыс сыншысы В.Г.Белинский: «Всякий образованный русский должен иметь у себя всего Пушкина: иначе он и не образованный и не русский» [12] деп әр орыс азаматы Пушкинді танымаса, өзін сол ұлт өкілі санамасын деген пікір білдіреді, біз Абай туралы да осыны айтсақ болады. Қазақ үшін Абай ұлт болмысын танытатын тұлға.

Ж.Нәжимеденов «Абай ескерткішіне» арнауында:

Қара шал-ай, қарашы мойын бұрып:  
Жырды алдым шау тарттырып, қойылдырып.  
Басқа барар жерім жоқ, саған келем

Қалғанда сөзім жүдеп, ойым құрып [13] – деп Абай шығармашылығынан, Абай рухынан шабыт алып, өзінің ерекше рухтанатынын жырға қосады. «Қара шал» деп сипаттауының өзінде терең сыр бар, өз дәуірінде «мыңмен жалғыз алысып» ұлт санасын ояту жолында ерен еңбек жасап, өзінің сыншыл реализмге толы жырларымен халқына жаны ашығандықтан өткір сынап, ұлт жарасын ашып, бар шындықты жайып салуы, сөз қадірін түсінер жан таба алмай қамыққан күйін аңғартады. Ш.Айтматов сөзімен айтар болсақ, «Абай әлемге ашылған терезе еді, оның жаны жаңарып жатқан дүниенің алыстағы сарынын сезе білді. Тек қана ақынға тән, тек қана біліммен суарылған ақылға тән қабілетпен, романтикке тән жоғары сезімталдықпен халық өмірінің өзгеруін, найзағай отының туған өлкесін де дүр сілкіндіруін тіледі. Қамықты да. Бұл ретте де ол ХҮІІІ-ХІХ ғасырдың Гете мен Толстой сынды көптеген заңғар гуманист тұлғалардың даралық бауырласы екенін танытты». Жүмекен ақын Абайдың мұңын түсінгендіктен де өз жан жарасымен бөліседі:

Қажып келдім, қасыңа қалғиыншы,  
Не қарғыс, не бата айтшы... ал құйылшы.  
Сен маған туған жерім сияқтысың,  
Аңсағанда келетін шалдың исін...[13]

Аталмыш арнауда Абай бейнесі абыз қарт архетип образы арқылы сипатталады. Рухани кемелденген Абай тұлғасының кейінгі ұрпақ үшін маңыздылығы мен қасиеті соншалық тіпті қарғыс айтса да риза. Бұл дегеніміз Абайдың Хакім тұлғалығын айқындап тұр.

### Әдебиеттер тізімі:

- 1 Мақатаев М. Қазақ жырының бір жылы. Жұлдыз, – 1972. №7. – 199 б.
- 2 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 т. – Алматы: Жазушы, 2016. – 296 б.
- 3 Ибраев Ш. Абай феномені. – Нұр-Сұлтан: Алашорда, 2021. – 240 б.
- 4 Әуезов М.Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т.20. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 б.
- 5 Әбдіғазиз Б. Асыл арна. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 128 б.
- 6 Айтхожина М. Аққу – жүрек. – Алматы: Үш қыран, 2003. – 168 б.
- 7 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 т. – Алматы: Жазушы, 2016. – 296 б.
- 8 Екімыңжылдық дала жыры. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 752 б.
- 9 Медетбек Т. Абай әлемі. – Алматы: Ер-Дәулет, 1995. – 116 б.
- 10 Жақыпбаев Ж. Көктемгі хаттар. – Алматы: Жалын, 1992. – 288 б.
- 11 Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2009. – 392 б.
- 12 Белинский В.Г. Полн собр.соч. т11. – Москва. 1953. – 384 с.
- 13 Нәжимеденов Ж. <https://bilim-all.kz/figure/103?posts=olen>